

# ХИМИЯ ФЫЛЫМЫНЫҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ ЗОР

Қазіргі уақытта Қазақстанда мұнай-газ секторын шикізаттық бағыттан қосылған құны жоғары өнім шығаруға, яғни жоғары бөліністегі мұнай-газ химиясы өнеркәсібін дамытуға қайта бағдарлау жөніндегі жұмыс жүргізілуде. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына арнаған Жолдауында батыс өңірлерді мұнай-химия кешендерінің құрылышына инвестициялар тарту орталықтары ретінде қалыптастыру, сондай-ақ мұнай-химия мен жоғары бөліністі газ өндөуді дамыту міндетін қойды.

Жаңа кәсіпорындардың іске қосылуына және хош иісті көмірсүтектер, майлар мен полипропилен өндіретін зауыттардың өнім шығару қөлемінің артуына байланысты жыл сайын мұнай-газ химиясы өнімдері өндірісінің үлғаюы байқалады.

Қазақстан – сирек металдарға бай өлке. Молибден қоры жөнінен республика әлемде төртінші, Азия елдері арасында бірінші орын алады. Молибден кентастарының қоры 34 кен орны бойынша есепке алынған, олардың 26-сы баланстық. Ірілері: Қектіңкөлі, Оңтүстік Шалқия, Жәнет, Батыстау, Жоғарғы Қайрақты, Қараоба, Ақшатау. Молибден кен орындары негізінен штокверктік типті. Қазақстан КСРО – дағы жоғары салалы тантал концентраты мен ниобийдің негізгі өндірушісі болды. Тантал бойынша өнеркәсіптік шикізат базасы төрт кен орында шоғырланды: Бәкен, Белогор, Юбилейное және Жоғарғы Баймырза. Кен орындарының барлығы Қалба жота-

сында орналасқан. Солтүстік Қазақстанда ірі Сырымбет пен Донецк қалайы кен орындарының ашылуы қалайы шикізат базасын айтартықтай үлгайтты. Оған дейін ілеспе қалайының 5 кен орны балансқа алынған болатын, негізгілері кешенді сирек металл кентасты қалайы табылған Қараоба, Бәкен, Юбилейное және Ахметкин кен орындары.

Кезінде ғалымдар химия дегенініз – болашақтың ілімі деген екен. Шынымен де, ойлап қарасаныз, Германия неше мәрте алапат соғыста жеңіліс тапты. Бірақ, аяғынан тез тұрып, өркендей кетті.

Х и м и я н ы ң және х и м и я өнеркәсібінің өркендеуі шаруашылықтың барлық салаларының дамына, жалпы ғылыми-техникалық прогрестің жеделдеуіне әсер етеді. Химия және оның жетістіктері егеменді еліміздің экономикасы мен мәдениетінің өсуіне, халықтың әл-ауқатының артуына ықпал етеді. Хи-

миясыз ғылыми-техникалық прогрест болуы да мүмкін емес. Машина және аспап жасау сияқты өндіріс салаларына химиялық конструкциялық материалдар қандай қажет болса, қара және түсті металдарды, құймаларды, ағашты, шыныны алмастыратын берік, ыстыққа тәсімді, оптикалық мөлдір, электро өқшашулағыш, жемірілмейтін, т.б. қасиеттері бар полимерлер сондай қажет.

Қазіргі кезде химияның қолданылу аясы одан әрі кеңейді. Химия ғылымы көптеген маңызды ғылыми жаңалықтар мен жетістіктердің қуатты өршіткісіне айналды. Физиктер химиялық әдістердің қомегімен радиоактивті элементтерді таза күйінде бөліп алып, өнеркәсіп қызметіне қости. Кау-чуктар, резенкелер, металдар сияқты материалдардың беріктілігін арттыру үшін радиациялық химия ядролық сәулелендірудің тиімді әдістерін тапты. Мұндай ірі жаңалықтарды шаруашылықтың әр саласынан кездестіруге болады. Сонымен химия қазіргі қоғамдағы негұрлым көкейкесті және болашағы зор проблемаларды шешуге атсалысуда. Химияның атқаратын қызметі мол және оған барлығы тәуелді деп айтуга болады. Себебі, тұрмыстық техникада орасан зор қажеттілікке ие болуда. Барлық елде сұранысқа ие және Қазақстан химиялық әлементке байып, оны ұтымды пайдалана білсе дүниежүзіне де өзімізге пайдамыз көп болар еди. Әрине, оған білімді ғалымдардың қомегімен жетеміз. Осылай ғана Қазақстан химияның атқаратын қызметін ез деңгейінен де артық көрсететініне кәміл сенеміз.

Н. КАРИМ,  
У.САБДЕНОВА,  
М.Әуезов атындағы ОҚУ  
оқытушылары